

Б. Д. СЫДЫКОВ

СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛМ БЕРУДЕГІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУДІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Оку үрдісіне бағдарламалық-технологиялық және әдістемелік-ұйымдастыруши компонентті ұтымды түрде сандыру, формальданған білімдерді беру және өндөу үшін қазіргі ақпараттық технология (АТ) мүмкіндіктерін ескере отырып көсіби пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесін дамытуды қажет етеді. Дегенмен бұл көсіби пәндердің мазмұнында және оларды оқытудың әдістерінде жеткілікті түрде қарастырылмай келеді. Бұл өз кезеңінде қазіргі педагогикалық ғылымның білімді формальдау әдістерінде оқытуға толық түрде дайын емес деген корытынды жасауға алып келеді.

Көсіби білім берудің негізгі бағыттарының бірі – негізінде білімді формальдау тұжырымдамасы жатын математикалық және ақпараттық-компьютерлік модельдеу әдістерінде оқыту бағыты болып табылады. Көсіби білім берудің мазмұны мен әдістеріне талдау жасау арқылы, ақпараттық және ақпараттық-логикалық модельдеудің ролі мен орны жеткілікті түрде дәл анықталмағандығына, білімді формальдауға оқыту мәселелері толық түрде ескермегендігіне көз жеткізілді. Мұның барлығы көсіби білім берудің әдістемелік жүйесін математикалық және ақпараттық-компьютерлік модельдеу негізінде дамытуды қажет етеді. Бұл мәселелерді оқып-үйренуді студенттерге көсіби пәндерді және информатика курсын оқытуда жүзеге асыру мақсатқа сай келеді.

Бүгінгі таңда АТ негізінде интеллектуальды оқытуға ерекше қызығушылық туындалған отыр, яғни дербес түрде, негізі білім қоры болып табылатын сараптамалық оқытушы жүйелерді атауға болады. Математикалық және ақпараттық-компьютерлік модельдер, сараптамалық оқытушы жүйелерде білімді беру тәсілдерін жасау үшін маңызды болып табылады.

Оқыту үрдісін қарастырғанда білімгердің ойлау іс-әрекетін зерттеу маңызды. Оқыту үрдісін ары қарай жетілдіру ақпараттық технологиялардың қазіргі жетістіктерін ескеріп отыратын оқытудың мазмұнын, әдістерін, технологияларын және моделін жасау негізінде мүмкін болады. Оқытудың маман даярлаудың жаңа тұжырымдамалары мен модельдерін аныктап алмай, замани ұтымды оқытушы технолого-

гияларды жасау мүмкін еместігін ескеру қажет. Бұрынғы кездегідей білім беруді, маман даярлауды дамытудың қазіргі кезеңінде болашақ маманың мүмкіндіктері мен ақпараттық технологиялардың даму деңгейін ескере отырып білім берудің мақсаттары мен стратегияларын анықтау проблемасы тұр. Бұл мәселенің шешімін оқытушы іс-әрекеттер мен модельдер құруды және осы әрекетті тиімді басқару әдістерін оқып-үйрену береді. Оқытушы іс-әрекеттерді модельдеу үшін ақпараттық модельдеудің қазіргі әдістері мен технологияларын колдану маңызды болады.

Оқыту белгілі бір білімдерді беруді ұйымдастырады, сондықтан оқытудың маңызды мезеті білімді формальдау әдістерін оқып-үйрену болып табылады. Білімді формальдау таным объектісін, оның бөліктерін, олардың ара қатынасын белгілер түрінде бейнелеуді ұсынады. Накты таным объектісі туралы білімді формальдау, бір жағынан, оның қасиеттерін, оның бөліктерінің қасиеттерін, объект пен оның бөліктері арасындағы қатынасты мейлінше дәл сипаттауды, ал басқа екінші жағынан, ол туралы жаңа білімдерді алудың синтаксистік (формальдық) тәсілдерінің бар болуын ұсынады. Математика мен информатикадан білімдерді формальдау аймағын зерттеу нәтижесі математикалық және ақпараттық-компьютерлік модельдеу әдістерін жасауға алып келеді. Бұл әдістер бағдарламалық қамсыздандыру, мәліметтер және білім қорын жасауда практикалық колданудан өтті. Мәліметтер және білім қоры әдіснамалық көзқарас бойынша қосымшалардың ақпараттық модельдерін машина арқылы жүзеге асыруға емес, ЭЕМ-де мәліметтер мен білімдерді физикалық ұйымдастыру принциптерін бейнелеу болып табылады. Қазіргі кезеңде ЭЕМ-нің қоғамдық мәнділігіне әр түрлі бағыттағы бағдарламалық қамтамасыз етуді, күрделі әлеуметтік және техникалық жүйелерді, яғни адам машина жүйесі түріндегі (себебі адам мұндай жүйелердің қызметінде қажетті және маңызды болып отыр) басқарудағы мәліметтер мен білімдер қорын кеңінен колдану арқылы қол жеткізуге болады. Адам-машина түріндегі жүйелерді жобалаудағы маңызды мәселе – адамның осылармен қарым-қатынас формалары мен әдіс-терін

жасаудан тұрады. Бұл жүйені ақпараттық модельдеу кезеңінде адам қолданылатын ұғымдарға, мәліметтерді физикалық ұйымдастыруға мейлінше жақындатуға ұмтылуды ұсынады. Бұл мәселені шешу мәліметтер мен білімдерді физикалық ұйымдастыру абстракциясының жоғары деңгейін қамтамасыз ететін және ЭЕМ-де ақпараттық модельдерді тиімді іске асыратын тұлға үшін табиғи ұғымдар жүйесін іздеуден қарастыруға болады. Бұл қазіргі кезеңде ақпараттық және математикалық модельдеуде және адами-машиналық жүйелерді ұйымдастыруды логикалық ойлаудың рөлін түсіне түсуді қажет етеді. Студент-терді оқыту міндегі оқып-үйретілетін пәндердің ақпараттық модельдерін құруға оқытуға алып келеді.

Математикалық және ақпараттық-компьютерлік модельдеу саласы бойынша зерттеулер мейлінше жалпы ұғымдар жүйесі ретінде мәліметтер модель ұғымын қалыптастыруға бағытталады. Ақпараттық модельдеуді қолдануға негіз-делген әдістемелік жүйенің бір тармағы – математикалық және ақпараттық-компьютерлік модельдеудің әдістерін, мәліметтер модельдерін оқып үйрену. Екінші тармағы – ақпараттық модельдеуді студенттердің нақты кәсіби пәндерді оқып үйренуде қолдануына оқыту.

Білімгерлердің мәліметтердің модельін менге-руі оларды математикалық және ақпараттық-компьютерлік модельдеуге оқытудағы алғашқы қадам болады. Танымның негізгі әдісі – модельдеу, яғни таным объектілерін олардың модельдері бойынша зерттеу әдісі. Модель оқып-үйренетін пәннің әмприкалық немесе абстрактылық бейнесі ретінде қарастырылады. Оқып үйренетін пән туралы білімдерді алу білімгердің санасында осы пәннің әр түрлі модельдерін қалыптастырады. Модельдеу нақты бар болатын және таза пәндер мен құбылыстардың модельдерін құруды және оны оқып үйренуді ұсынады. Модельдеудің мақсаты:

- модель негізінде таным объектісі туралы жаңа білімдер алу;
- таным объектісі туралы білімдерді сактау және беру.

Оқып-үйренетін пәннің модельдеу, тұпнұсқаның геометриялық, физикалық, динамикалық немесе функциональды қасиеттерін қайта жаң-ғырттатын модельді құруды және зерттеуді ой-ластырады.

Көптеген зерттеушілер танымдық ой әрекетін адам санасында пән саласы бейнесін модельдеу ретінде қарастырады, сондықтан модельдеу үрдісін ұйымдастыру – психология мен логикадағы ойлау-

ды оқып үйрену бағыттарының бірі бола бастады. Олар ойлауды санадағы динамикалық модельдердің жиынтығы ретінде интерпретациялауга, яғни ойлауды оқып үйренудің психологиялық аспектсін (субъект пен субъекттің өзара әрекетін) және білім құрылышын логикалық талдауды беліп карастырады.

Танымның психологиялық үрдісі сезімдік және абстракциялы бейнелену ретінде алғашқы сезімдік және екінші белгі түріндегі модельдер көмегімен жүзеге асырылады. Бұл пәндей қалыптың алғашқы модельінде субъекттің пәндей қалыптың объектілерімен өзара әрекеттің сипатын бейнелейтін элементтерді беліп алуды ойластырады. Бұл кезде алғашқы модельдің элементте-рімен қарым-қатынас немесе әрекеттер тұпнұсқа-объектілерге жасалынатын қарым-қатынас немесе әрекеттерден тәуелді болмайды. Дегенмен ойлау оларды адам ақылында қатынастар немесе әрекеттер түріндегі баламалы бейнелеуге ұмтылады. Бұл элементтердің нақты мазмұнын абстракциялауға қажетті алғы шарт болып табылады және тек элементтер арасындағы қатынастар мен білімді алу заңдылықтарын оқып үйренуді талап етеді. Сондықтан алғашқы модельдегі байланыс-тар мен қасиеттерді ұғымдар, тұжырымдар, қорытындылар түрінде тікелей қабылдау мүмкін болмағандықтан оны бейнелейтін белгілер түріндегі логикалық модель пайда болады. Мұнда біз бірін-ші ретті мәнділіктен екінші ретті мәнділікке өтумен кездесеміз.

Логикалық модель адам санасында ойлау үрдісінің өту сипатына байланысты абстракцияланады, жеке тұлғадан тәуелсіз ойлауды ұйымдастыру мен формасының бар болуын ойластырады және «адам қалай ойлану керек?» деген сұралқа жауап береді. Психологиялық модель, ойлау үрдісін адам санасында шындығында қалай өтетін болса сондай тәртіппен сипаттайды.

Осылан байланысты әрбір психологиялық модель базистік және қосымша үстінен құрылған беліктерден құралады. Оның базистік белгілі алғашқы модельге, ал қосымша үстінен құрылған белгілі – логикалық модельге қарастылған. Егер оның қосалкы құрылған белгілер модель түрінде ернектелсе, ол логикалық болып есептелінеді, яғни логикалық элементтер мен әрекеттердің ерекшеленген жиынтығы түрінде таным объекті-сімен өзара әрекеттесудің алғашқы модельнің бейнелейді (мысалы, қандай да бір шешімді бас-қа адамға беру қажет болғанда). Мәселенің шеші-мін іздеу формальды-логикалық амалдар формасында орындалмайды, ол

мазмұнды (семантикалық) критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады. Мәселелерді (есептерді, міндеттерді) шешуде психологиялық үрдіс нәтижелерін оның логикалық бейнесіне және көрініше тұрақты бейнелеу орындалады. Сонымен, ойлау үрдісінде ойлаудың екі моделі арасында үзіліссіз сәйкестік болады, дегенмен олардың арасында толық сәйкестік болмайды. Психологиялық модельде әрбір жеке тұлғаның өзіндік, даралық ойлау ерекшеліктері бейнеленеді. Бұл, оның негізінде психикалық үрдістердің қасиеттері, ми бөліктерінің әрекеттесуі, ойлау әрекетін тузыратын мотивтер мен ерекшеліктер оқып үйренетіндігін білдіреді.

Логикалық модельдер жеке тұлғаның ойлау үрдістерінің жалпы заңдылықтарын бейнелейді, үзіліс кезде олардың нәтижелерінің объективті шындықтан ауытқуына жол берілмейді. Логикалық модельдер нақты жеке тұлғаның ойлауын абстракциялау мүмкіндігін береді, барлық жеке тұлға үшін жалпы болып табылатын ойлаудың принциптері мен әдістерін бейнелейді. Логикалық модельдерді ұсыну формасы әртүрлі белгілермен берілген модельдер болып табылады. Белгілер модель көфамдағы жеке тұлғалардың ойлау әрекетінің нәтижелерін тасымалдау, сактау және өндөу үшін тиімді құрал қызметін атқарады.

Логикалық модель пән салалары бойынша әртүрлі акппараттық және физикалық модельдердің түрлерінің көп болуы, адамның практикалық іс-әрекетінде өмірлік маңызды мәселелерді шешу қажеттігінен туынтайтыны, осыған байланысты осы қажеттіліктерді толық шешетін модельдер қалыптасады.

Білімді беру әдістерін зерттеу нәтижелері логикалық және психологиялық модельдер арасында объективті байланыстың бар екендігіне дәлел бола алады. Бұл байланыс әртүрлі белгілік модельдердің бар болуынан пайда болады. Математика мен информатикада мұндай логикалық ойлау математикалық және акппараттық модельдердің құруда, ал техникалық және жаратылыстануғының дарында акппараттық, физикалық және математикалық модельдерде пайда болады. Олар логикалық құрылымдар мен психикалық әрекеттердің құрылымдары арасындағы сәйкестік туралы проблеманы тұжырымдады. Яғни логика ойлаудың аксиоматикасы, психология – оның мазмұнды бастамасы болып табылады. Бұл қасиет табиги түрде логикалық ойлаудың формасы

ретінде акппараттық және математикалық ойлауға сәйкес келеді, себебі бұларда логикалық ойлаудың белгілер сипаты толық көрініс табады.

Күрделі акппараттық модельдердің өзі оқып-үйреноу объективті болуы мүмкін. Онда акппараттық модельдің маңызды емес қасиеттерін абстракциялау нәтижесінде алынған модель, әртүрлі қосымшалардың жалпы қасиеттерін оқып-үйреноу үшін ынғайлы құрал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Буланова-Топоркова М.В. Педагогика и психология высшей школы: Учебное пособие. Ростов-на-Дону: Феникс, 2002. 544 с.
2. Қошербаев Қ.Е., Ахметов Ә.Қ., Әбілқасымова А.Е., Рахымбек Х.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. Алматы: Білім, 1998. 232 б.
3. Кукшин В.С. Теория и методика обучения. Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. 474 с.
4. Әбдиев Қ.С., Беркінбаев К.М. Экологиялық информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесі. Кентау, 2005. 124 б.
5. Трайнев В.А., Трайнев И.В. Информационные коммуникационные педагогические технологии (обобщение и рекомендации): Учебное пособие. М., 2005. 280 с.
6. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании. Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Академия, 2005. 192 с.

Резюме

Рассматриваются психологические проблемы подготовки студентов в будущей профессиональной деятельности при обучении на основе математического и информационно-компьютерного моделирования.

Summary

Psychological problems of training the students in future professional activity by the teaching on the base of mathematical and informational – computer modeling is considered in this work.

23.07.06ж. түскен күні